

Алдабергенов Қасымхан Алдабергеноұлы 1941 жылы Милютин орталау мектебінің жеті сыныбын бітірген. Екі жыл Жітіқара ауданының Милютин ауылдық кеңесінің хатшысы болып жұмыс істеді. 1943 жылы Жітіқара аудандық әскери комиссариаты әскер қатарына шақырылды. Владимир облысы Киржач қаласында парашют-десант әскерлерінде жас жауынгер курсынан өтті. 1944 жылы дайындықтан өткен десантшы майданға жіберілді. Венгрия, Австрия, Чехословакияны азат ету бойынша әуе-десанттық бригада құрамында 2-ші және 3-ші Украина майдандарында ұрыс қимылдарына қатысты.



Австрия астанасы үшін фашистермен болған шайқастарға белсене қатысты: «За освобождение Вены» медалімен марапатталды. Ұлы Отан соғысы жылдарында оған гвардия старшинасы деген әскери атақ берілді. Жауынгерлік ерлігі үшін II дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Көптен күткен Ұлы Жеңістен кейін 1950 жылға дейін Кеңес Армиясы қатарында қызмет етті.

Отанға оралып, Милютин және Шевченко орта мектептерінде мұғалім болып жұмыс істей бастады. Орал мемлекеттік педагогикалық университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» мамандығы бойынша бітірді. Ол шамамен отыз жыл мұғалім болды, содан кейін шығармашылық қызметпен айналыса бастады.

20 жылдан астам облыстық «Коммунизм таңы» газетінің журналисі болып жұмыс істеді, Боровской, Ленин, Семиозер аудандарында жеке тілші болды.

Алдабергенов Қасымхан – ақын, облыстық және республикалық айтыстарға қатысты. Ол өз мақалаларын, өлеңдері мен әндерін соғыс ардагерлеріне, тың жерлерді игерушілерге, Қостанай облысының еңбеккерлеріне арнады.

Оның республикалық және облыстық телеарналардан Еңбек ерлері, қостанайлықтар туралы сөйлеген сөздері, сырласы-домбыраның сүйемелдеуімен Абай және басқа да ақындар шығармаларының үзінділерін көркем орындауы жоғары бағаланды. 2009 жылы Қ.Алдабергенов шығармашылық қызметі үшін Қостанай облысы меценаттар клубының «Мәдени мұра» номинациясы бойынша сыйлығына ие болды.

Ол белсенді өмір салтын жалғастырып жүр. Қазіргі уақытта да «Қостанай таңы» газетінің беттерінде оның шығармашылық материалдары жарияланады. Еңбек сіңірген соғыс және еңбек ардагері – студенттер мен мектеп аудиторияларында жиі қонақ болады. Оның Ұлы Отан соғысы туралы естеліктері – тарих кітаптарының тірі бейнесі.

Ол өз Отанының, кіндік қаны тамған туған жерінің патриоты, бұл туралы оның кітаптары, мысалы «Думанды дәурен» және басқа басылымдардан көруге болады. Соғыс және еңбек ардагері – бейбітшілік, мейірімділік, төзімділік мұраттарының жеңімпазы. Қалалық ардагерлер ұйымының іс-шараларына, жастарға патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбие беруге белсенді қатысып жүр.

«За взятие Вены», «За победу над Германией в Великой Отечественной Войне 1941-1945 гг.», «XXX лет Советской Армии и Флота», «За освоение

Целинных земель», «50 лет вооруженных сил СССР», «60 лет освобождения Украины от фашистских захватчиков», «10 жыл Астана», «70 лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.» және тағы басқа медальдармен марапатталған.

Қостанай облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 558 шешімімен Қ.А. Алдабергеновке «Қостанай облысының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Алдабергенов Қасымхан Алдабергенович в 1941 году окончил семь классов Милютинской неполной средней школы. Два года проработал секретарем Милютинского сельского совета Джетыгаринского района. В 1943 году Джетыгаринским райвоенкоматом был призван в армию. Прошел курсы молодого бойца в парашютно-десантных войсках в г.Киржач Владимирской области. На его счету были сотни прыжков с парашютом. В 1944 году подготовленный десантник был направлен на передовую. Принимал участие в боевых действиях на 2-м и 3-м Украинском фронтах в составе воздушно-десантной бригады по освобождению Венгрии, Австрии, Чехословакии.



Активно участвовал в боях с фашистами за столицу Австрии: награжден медалью «За освобождение Вены». В годы Великой Отечественной войны ему было присвоено воинское звание – гвардии старшина. За ратный подвиг награжден орденом Отечественной войны II степени, медалью «За отвагу». После долгожданной Великой Победы служил в рядах Советской Армии до 1950 года.

Вернувшись на родину, стал работать учителем в Милютинской и Шевченковской средних школах. Окончил Уральский государственный педагогический университет по специальности «Учитель казахского языка и литературы». Учителем работал около тридцати лет, затем стал заниматься творческой деятельностью.

Работал журналистом областной газеты «Коммунизм таңы» более 20 лет, был собственным корреспондентом в Боровском, Ленинском, Семиозерном районах.

Алдабергенов Қасымхан – акын, принимал участие в областных и республиканских айтысах. Он посвящал свои статьи, стихотворения и песни ветеранам войны, покорителям целины, труженикам Костанайской области.

Его выступления по республиканскому и областному телевидению о героях труда, костанайцах, его художественное исполнение фрагментов произведений Абая и других поэтов под сопровождение своего друга – домбры были высоко оценены. В 2009 году Алдабергенов К. за творческую деятельность получил премию Клуба меценатов Костанайской области по номинации «Культурное наследие».

Он продолжает активный образ жизни. И сегодня на страницах газеты «Қостанай таңы» публикуются его творческие материалы. Заслуженный ветеран войны и труда – частый гость в студенческих и школьных аудиториях. Его воспоминания о Великой Отечественной войне – живая иллюстрация к учебникам истории.

Он – патриот своего Отечества, малой родины, об этом говорят его книги, например, «Думанды даурен» и другие публикации. Ветеран войны и труда – поборник идеалов мира, добра, толерантности. Активно участвует в мероприятиях городской ветеранской организации, в патриотическом и духовно-нравственном воспитании молодёжи.

Награжден медалями «За взятие Вены», «За победу над Германией в Великой Отечественной Войне 1941-1945 гг.», «XXX лет Советской Армии и Флота», «За освоение Целинных земель», «50 лет вооруженных сил СССР», «60

лет освобождения Украины от фашистских захватчиков», «10 жыл Астана», «70 лет Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.» и другие.

Решением Костанайского областного маслихата № 558 от 10 декабря 2020 года Алдабергенову К.А. присвоено звание «Почетный гражданин Костанайской области».